



2.2-сурет. Еңістері бетонмен бекітілген жасанды аралды қондырғы

Мұндай құрылыстардың еңістері мұздың қиратушы әрекеттеріне қарсы темірбетонды немесе металды элементтермен қорғалуы тиіс. Қорғайтын құрылымның көлемі едәуір үлкен, ал су астындағы құрылғы күрделі және көп еңбекті қажет етеді. Топырақ ғимараттарының құрылысы мұз жоқ кезде жүргізіледі.

2.2 Теңіз мұнай және газ кен орындарын игеруге арналған техникалық жабдықтардың жіктелуі

Техникалық немесе техникалық құралдар (ТҚ) арқылы әдетте теңіз мұнай газ кен орындарын игеру үрдістерінде қолданылатын барлық жүйелер түсіндіріледі. Теңіз мұнай газ құрылымдарына (ТМГК) шельф кен орындарын игеруге қатысатын техникалық жүйелер кіреді, олар арнайы құрылыс технологиясын қолдану арқылы жасалған. Осылайша ТМГК-лар ТҚ-ның бір бөлігі болып табылады.

ТҚ кешеніне мұнай және газ кен орындарын игеру үшін қымбат тұратын гидротехникалық құрылғылардың түрлері, геологиялық қадағалау, бұрғылау және мұнай өндіру құрылғылары, байланыс жүйелері, қоршаған ортаны қорғау және басқа да техникалардың үлкен көлемі жатады, оларды келесідей белгілері бойынша біріктіруге болады:

- Жұмысты жүргізу ауданында қоршаған орта жағдайларын зерттеуге арналған техника. Осы мақсаттар үшін бір қатар ғылыми зерттеу бірлестіктері құрылған. Олар қоршаған ортаны кешенді зерттеумен, бағдарламалар мен әдістемелерді жасаумен айналысады және де олар техникалық құралдармен қамтылған. Оларға гидрометеорологиялық станциялар, ғылыми зерттеу кемелері, батиметриялық жағдайларды, судың химиялық құрамын, толқуын, ағысын зерттеуге арналған техникалар және т.б. жатады;

- Геофизикалық жұмыстарды жүргізуге арналған техникалар геофизикалық кемелерден, ақпаратты автоматты өңдеуге арналған аппаратура мен құралдардан, көп арналы сандық сейсмикалық станциялардан тұрады.